

**8D10110– «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Трушева
Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген
және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік
бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін
бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Жүрек оңалтуы– миокард инфарктынан кейінгі екіншілік алдын алудың ең маңызды әрі дәлелді араласуы болғанына карамастан, науқастардың аз бөлігі ғана жүректі оңалту бағдарламасына қол жеткізе алады. Әсіресе, миокард инфарктынан кейінгі кезеңде науқастарды тиімді оңалту олардың функционалдық жағдайын қалпына келтіруде, еңбекке қабілеттілігін арттыруда және асқынулардың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта Қазақстанда кардиологиялық оңалту бағдарламалары әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған, бірізді клиникалық хаттамалар мен ұлттық деңгейде бекітілген бағдарламалар аз. Сондықтан миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарға бейімделген, ғылыми негізделген модульдік бағдарлама әзірлеу әрі оны клиникалық тұрғыда бағалау қазіргі ғылым мен практикалық денсаулық сақтау үшін өте өзекті болып табылады.

Диссертация заманауи клиникалық медицинадағы дәлелді медицинаның қағидаттарына негізделген. Зерттеу барысында халықаралық клиникалық нұсқаулықтар, ғылыми әдебиеттер, сонымен қатар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық және нормативтік актілері ескерілген. Зерттеу әдістері ретінде клиникалық-диагностикалық, статистикалық талдау, функционалдық сынақтар мен сауалнамалар қолданылған. Бұл әдістемелік негіз жұмыстың нәтижелерін сенімді және ғылыми тұрғыдан дәлелді етеді.

Зерттеу нәтижесінде алғаш рет Қазақстан жағдайында модульдік кардиореабилитация бағдарламасы жасалып, клиникалық тұрғыдан апробациядан өткізілді. Бағдарлама миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастардың физикалық төзімділігін айтарлықтай жақсартты (метаболикалық эквиваленттің артуы, оттегіні максималды тұтынудың көбеюі, жаттығу ұзақтығының ұзаруы, алты минуттық тестінің ұлғаюы). Психоэмоционалдық жағдай оң өзгерістерге ұшырады, бұл сауалнама нәтижелерімен және клиникалық бақылаумен дәлелденді. Сиэтлдік стенокардия сауалнамасы арқылы бағаланған өмір сүру сапасы оңалтудан кейін, 3 ай және 6 айлық кезеңде айқын жақсарғаны көрсетілді. Білім беру модулі дәрі-дәрмекке комплаенттілікті жоғарылатып, емдеу тиімділігін арттыруға ықпал етті. Бұл нәтижелер заманауи статистикалық әдістермен тексеріліп, ғылыми негізділігі толық дәлелденді.

Диссертация кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, қосымшадан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әр бөлім бір-

бірімен логикалық байланыста, мазмұны дәйекті, құрылымдық тұтастығы жоғары деңгейде орындалған. Докторлық диссертация жұмысын орындау барысында Трушева Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» атты диссертация тақырыбы толық ашылған. Әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытындысы мен тұжырымдары, әдебиеттер тізімі жұмыстың мақсатына сәйкес орындалған.

Диссертант зерттеу материалдарын өз бетінше жинап, деректер қорын құрастырған, статистикалық талдауларды орындаған, нәтижелерді салыстырып, интерпретация жасаған. Сонымен қатар, бағдарламаны әзірлеп, ғылыми мақалалар жариялаған. Зерттеу көлемі кең: 220-ден астам пациент қамтылған, бірнеше сауаланамалар мен клиникалық көрсеткіштер бағаланған, халықаралық және отандық ғылыми деректермен салыстырылған. Докторант ғылыми жұмыстың барлық кезеңдеріне қатысып, зерттеудің бағыты бойынша жұмыс жоспарлары жасалды. Ғылыми жұмыстың алдына қойылған міндеттерін атқару үшін статистикалық, сараптамалық, әлеуметтанулық әдістерді толық игерген.

Трушева Қ.С. өзін табанды, жауапты және ғылыми этика қағидаттарын сақтайтын зерттеуші ретінде көрсетті. Ол клиникалық деректер жинау, статистикалық өңдеу, халықаралық әдебиетпен жұмыс істеу, ғылыми нәтижелерді талдау және жариялау тәжірибесін меңгерді. Бұл оның кәсіби деңгейінің жоғары екендігін және ғылыми зерттеулерді дербес жүргізуге қабілеттілігін айғақтайды.

Трушева Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» атты диссертациялық жұмысы 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңеске ресми түрде қорғауға ұсынылатын толық аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,

философия докторы (PhD)



Б.А. Болатбеков

Қолтаңбаны растаймын
Кадр маманы

Сайду М.А. Сайдушев